

Нұн Жұбаев атындағы орта мектеп

Сабақтың тақырыбы:

Сипаттау мәтіні

Қазақ тілі

4-сынып

Өткізген: Қалиева Нұрлыгүл

2015 жыл

Мақсаты:

- 1) Мәтін және оның түрлері туралы білімдерін кеңейту. Сауатты оқып, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.
- 2) Тақырыпқа сай мәтін құрастыруға, тіл байлығын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға әрекет ету.
- 3) Ұйымшылдыққа, бірлікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Әдіс- тәсілі: сұрақ- жауап, ізденушілік, әңгімелесу.

Көрнекілігі: сызба, жұмбақ- өлең, сурет, сергіту.

Сабақтың жүрісі: I. Ұйымдастыру кезеңі.

1) Психологиялық дайындық.

Қазақ тілі – өз тілім, ана тілім.
Абай, Мұхтар сөйлеген дара тілім
Қастерлейді ұл – қызың мәңгі сені
Болашағым, бақытым, дана тілім.

2) Топтарға біріктіру: Әңгімелеу, Сипаттау, Пайымдау,
Мәтін.

**II. Үй тапсырмасын тексеру. «Ой шақыру»
сұрақтары:**

1) Дыбыс, әріп деген не?

2) Сөз нелерден құралады?

3) Мәтін деген не?

4) Мәтіннің қандай түрлері бар?

5) Әңгімелеу мәтіні деген не?

III. Жаңа сабақ. Сипаттау мәтіні Сипаттау мәтінінің сызбасы:

Заттың атауы

```
graph TD; A([Заттың атауы]) --> B([Заттың белгісі]); A --> C([белгісі]); A --> D([белгісі]);
```

*Заттың
белгісі*

белгісі

белгісі

Оқулықпен жұмыс.

10- ж. Мәтінді оқып, онда не туралы айтылғанын анықта. Мәтінде не сипатталған? Қызғыштың қандай белгілері айтылған?

- 1) Мәтіннің алғашқы бөлігін көшіріп жаз.
- 2) Бұл мәтін әңгімелеу мәтіні ме, әлде сипаттау мәтіні ме?

12-ж. Жұмбақ не туралы? Оны қандай белгілері арқылы таптың?

Бір құс бар ұлпілдеген жүні жұмсақ,
Тұяғы бейне болат алмас пышақ.

Тұмсығы имек, көрмейді күндіз көзі,
Шарықтап көкті кезіп түнде ұшар.

Сергіту сәті: «Жалғастыр» ойыны ойналады.

1.Тіл қылыштан да...

2.Тіл тас жарады,

3.Ананың сүті тәтті,...

4. Батыр бір рет өледі,...

5.Ауру қалса да,...

6.Отансыз адам- ...

7. Ананың көңілі балада, ...

13-ж. Мәтінді түсініп оқы.

Бұл мәтіннің қай түріне жатады?

Сипаттау мәтіні не үшін қажет?

-Шығармашылық жұмыс.

15-ж. Суреттегі заттардың әрқайсысына жұмбақ құрастыр.

Кітап, сағат, қарбыз.

1)Өздігіңнен

2) Ұйқаспен

.....домалақ доп,

.....тәп-тәтті шоқ

-«Әдеби ойын» ойналады.

1. Кім? Не? 2. Не істеді? 3. Қай жерде?
4. Ол не айтты? 5. Адамдар не деді?
6. Оқиға немен тынды?

-«Аяқталмаған сөйлем» ойыны ойналады.

1. Мен сүйікті балақаймын ,себебі.....
2. Менің бойымдағы жақсы қасиеттер
3. Мен анамды жақсы көремін, себебі.....
4. Анам мені.....деп еркелетеді.

ІҮ. Бекіту: 1) Сандарды өсу ретімен орналастыр.

1000

2020

999

3995

5004

Ә

Т

М

І

Н

2)Қандай сөз шықты? Мәтін

3)Мәтін түрлерін ата.

ІҮ. Қорытындылау:

1)Үйге тапсырма: 14-ж, ереже

2)Бағалау. Мадақтау.